

Ғ.Мұратбаев ауылындағы көшелерге атау беру туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 17 қарашадағы N 15 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қазалы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 21 желтоқсанда N 10-4-132 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4-тармақшасын, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын басшылыққа алып, аудандық ономастикалық комиссиясының 2010 жылғы 11 маусымдағы N 5 және 3 қыркүйектегі N 19, N 20 ұйғарымдарына сәйкес, Ғ.Мұратбаев ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШЕМІН:**

1. Ғ.Мұратбаев ауылының шығыс жағындағы атауы жоқ көшеге Тәуелсіз Қазақстан а т а у ы б е р і л с і н .

2. Ғ.Мұратбаев ауылының солтүстік-батыс бетіндегі атауы жоқ көшеге Көбейсін І с к е н д і р о в а т а у ы б е р і л с і н .

3. Ғ.Мұратбаев ауылындағы орталық көшеге Ұлы Отан соғысының ардагері Қали Н а у р ы з б а е в а т а у ы б е р і л с і н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауға алуды өз міндетіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ғ. Мұратбаев ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы А.Шалболова